



Сəбит Мұқанов (1900-1973)

“Лашын”

Үй тапсырмасы



1. М. Әуезов туралы не білесің?
2. Қырғыз жазушысы Ш. Айтматов М.Әуезов туралы қандай естелік қалдырған еді?
3. Үзінді неліктен “Ақын қонақтар” деп аталды?
4. Әңгімеде қандай жырлардың аттары аталады?

Кейіпкерлер сөзі:	Ұлжан	Абай	Барлас
Жүрмендер, асықпай, әлі біраз күн қонақ болыңдар!			
-Апа, екеуіне де жақсы қып тұрып сый беріп аттандыршы!			
-Шырағым, ер жетерсің, Ер жетсең, сірә, не етерсің ?!			



Сабақтың эпиграфы:

*Қансонарда бүркітші шығады аңға,
Тасман түлкі табылар аңдығанға,
Жақсы ат пен тату жолдас – бір ғанибет.
Ыңғайлы ықшам киген аңшы адамға.*

Сәбит Мұқанов 1900 жылы қазіргі Солтүстік Қазақстан облысының Жамбыл ауданындағы Жаманшұбар деген жерде дүниеге келеді. Жеті жасқа келгенде әкесі, бір жылдан соң шешесі қайтыс болып, жетімдіктің зардабын шегеді. Жастайынан ауыл байларының малын бағып, жалшылықта жүреді. Абайдың, татар ақыны Ғабдолла Тоқайдың шығармаларымен танысады.



С. Мұқановтың өмір жолына шолу жасау

1900 жыл	Қазіргі Солтүстік Қазақстан жерінде дүниеге келді
1922 жылы	Орынбор Рабфагына оқуға түседі
1926-1928 жыдары	“Еңбекші қазақ” газетінде қызмет етеді.
1935 жылы	“Қазақ әдебиеті” газетінде редактор болып жұмыс істейді.
1937 жылы	Қазақстан жазушылар одағының төрағасы қызметін атқарды.
1947-63 жылдары	Жоғары Кеңестің депутаты болады
1973 жылы	Өмірден өтеді



Шығармалары:

“Мөлдір
махаббат”




“Өмір мектебі”

“Ботагөз”

“Балуан Шолақ”


“Сырдария”

“Аққан жұлдыз”



«Молдір
махаббат»
романы,
«Майға сөлем»
өлеңі

Жазушының жоғарыда аталған
“Өмір мектебі” атты романы
жазушының өмірбаяндық
шығармасы, мұны *мемуарлық
роман* деп те атайды. Мұнда С,
Мұқанов өзінің бастан кешкен
өмірін, сол кездегі қазақ халқының
тұрмысын, салт-дәстүрін суреттейді.
Жас бала Сәбит үшін өзінің және
халқының өмірі ең бірінші үлкен
мектеп болады. *Сондықтан жазушы
мемуарлық романын «Өмір
мектебі» деп атаған.*



Жазушы әңгімеде Балтабай аулына мұғалім болып келіп, өзінің бос уақытын аңшы, құсбегі Ахметпен бірге өткізгендігін шабытпен құмарта жазады.

“Ой шақыру”



“Құсбегілік”

“Аңшылық”



Керек -дерек



Тарихи деректер:

Тарихи деректерге қарағанда, Құсбегілік өнері бұдан үш мың жыл бұрын пайда болған. Орта ғасырлардағы итальян саяхатшысы **Марко Полоның** жазбаларында хандардың саятшылық мақсатта қолға үйреткен 500 ақ-сұңқары және басқа да қыран құстары болғандығын және оларды баптап, күтуге, арнайы 10 мың құсбегі ұстағанын жазады.



Қазіргі дерек: Жалпы қазақ халқы қыран құстарға: бүркіт, қаршыға, қырғи, лашын, сұңқар, түйғын, тұрымтайды жатқызады.

Құсбегілік өнер соңғы 10 — 15 жылдың ішінде Қазақстанда қайта жандана бастады. 1998 жылдан бастап құсбегілердің басын қосып, баптаған қырандарын сынға салатын

“Салбурын” мерекесі дәстүрлі түрде жыл сайын өткізіліп келеді. Қарағанды мемлекеттік университетінің жанынан арнайы құсбегілер мектебі ашылды. Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданына қарасты Нұра ауылындағы Жалайыр Шора атындағы құсбегілер мектебі жанынан Республикалық құсбегілер мұражайы ашылған.

Бүгінде сол ғажайып өнерді сақтап, келер ұрпаққа мұрат етуді мақсат етіп жүргендердің бірі **Руслан Абыл** есімді азамат.



Қазақ халқы қыран құстарға: бұркіт, қаршыға,
қырғи, лашын, сұңқар, түйғын, тұрымтайды
жатқызады

лашын





лашын





Әңгіме жопары:



Кіріспе: Балтабай аулында.

Негізгі бөлім: Саятшылық.

1. Құсбегі Ахмет
2. Лашынның мүсіні.
3. Ахмет пен Лашынның өнері.

а) үйрек алу лашынға сөз емес.

ә) қазды алу үйректен әлдеқайда қиын екен.

б) лашынға алдырмайтын құс — дуадақ екен.

4. Шілдеде құс салу.

Балтабай аулында.

Балтабай ауылы маған аса бір жайлы ауыл болып шықты.

Бұрын балаларын қадім молдалары оқытып, балалары тез сауаттанып кеткендіктен, әрбір баланың әке-шешелері мен туыстары мені өте қадірлейді.

Саятшылық.

Саятшылық – бұл үлкен өнер түрі десек те болады. Саятшылыққа: атбегілік пен құсбегілікті жатқызуға болады. Бұл өнер түрін меңгеру үшін, әрине, оған еңбекқорлық, шеберлік керек. Осындай шебердің біреуі жазушының шығармасына арқау болған құсбегі Ахмет болатын.



Құсбегі Ахмет

Көк көзді, шабдан мұртты, ақсұр, қушық бетті, түрін байырғы орыстан айырып ала алмайтын бұл жігіттің бойында бар қасиеті- атбегілік пен құсбегілік. Жаз айларында ол үнемі лашын салады екен.



Лашынның мүсіні.



Денесінің бар көлемі жұдырықтай ғана, бірақ қанат, құйрығымен тұтас алғандай сүңгуір қайықтай ұп-ұзын көрінетін, маңдайы жайпақтау келген, тұмсығы жолбарыстың тырнағындай иілген, мөлдіреген қарақаттай қап-қара көздері томнайып, сыртына қарай тепкен. Дәл сол түріне қарап, оны “құс алады-ау” дегенге сенгің келмейді.



АХМЕТ ПЕН ЛАШЫННЫҢ

өнері.

*Ахмет лашынын салуға екі-
ақ мезгілде шығады: бірі-
таң ату мен күн көтерілудің
арасы, бірі-күннің еңкеюі
мен батуының арасы. Осы
екі мезгілдің біреуінде, оның
қасына салт атпен еріп
шыға қалсаң, бұл кездері
қандай құстардың қайда
жайылатынын Ахмет
жақсы біледі.*



Үйрек алу лашынға сөз емес.

Әдетте үйректер шалшықты көлдер, томарларда көп болады. Дабылды қақсаң, неге екенін кім білсін, шалшықта, не томар арасында тығылып жүрген үйрек атаулының бәрінде де дегбірі қалмай, үрейленген қалыпта ду көтеріле ұшады. Лашынның бір гажсабы-ілуге ойлаған үйрегінің дәл астына жетпей, аспанға көтерілмейді.



Үйрек алу лашынға сөз емес.

Әдетте үйректер шалшықты көлдер, томарларда көп болады. Дабылды қақсаң, неге екенін кім білсін, шалшықта, не томар арсында тығылып жүрген үйрек атаулының бәрінде де дегбірі қалмай, үрейленген қалыпта ду көтеріле ұшады. Лашынның бір гажсабы-ілуге ойлаған үйрегінің дәл астына жетпей, аспанға көтерілмейді.



Үйрек алу лашынға сөз емес.

Және ол көтерілгенде қиялап барып емес, атылған оқтай боп шанышыла тік көтеріледі. Лашын әр түрлі болады екен: біреулері ілген үйрегін ала жерге түседі екен, енді бірі ілген үйрегінің не желкесін, не топшысын аспанда қиып жіберіп, құлатып, өзі екінші, үшінші... тағы сондай үйректерге ұмтылып, бірнеше үйрек алады екен.



Әлдеқайда қиын екен.

*Адамнан алысырақ жерде
лашын бір қазды іліп түсіре
қалса, бар қаз сол араға қона
сап, лашынды
қанаттарымен ұрып, не
талдырып, не өлтіріп
кетеді екен. Бірақ
тәжірибелі лашын алған
қазының қанатының
астына тығылып қалады
екен де, қаздар оны
сабаймын деп , қазды сабап
өлтіреді екен.*



дуадақ екен.



Ілуде біреуі ғана болмаса,
лашынға алдырмайтын құс
дуадақ болып шықты.

Сонда ол ұшқырлығымен
қашыпта құтыла алмайды,
қаздардай төбелеспейді де,
оның бар істейтін қайраты
—лашын нақ үстіне
келгенше отырады да, ілуге
жақындай берген кезде
басына саңғып жібереді
және көбіне лашынның
көзіне саңғиды.



Шілдеде құс салу.

Құс салудың ең қызықты айлары көктем емес, шілдеден былай. Осы кезде ғана құстар семіреді. Ахметтің де ерекше аңшылайтыны-осы кез. Бұл кезде оның жарғақ құлағы жастыққа тимей, ертелі-кешті уақытын құс қонатын өлкелерде өткізеді.



Сөздікпен жұмыс.

Қадім молда -діни оқуды байырғы қадім жазумен оқытатын молда

Атбегі -ат баптаушы

Құсбегі -құс баптаушы

Дабыл -құстарды үркіту үшін қолдан жасалған дыбыс шығаратын аспап

Топшы -сирақ мүшелерінің бірі

Қызығушылығын ояту



I топ-
үйректер
тобы

II топ-
қаздар тобы

III топ-
дуадақтар
тобы



I «Табалдырық»

II «Қозыкөш»

III «Беласар»

IV «Мәре»

«Табалдырық»



«ҚОЗЫКӨШ»

“Менің сүйікті ісім”

шығарма



“Беласар”

Мәнерлеп оқу.

«Сергіту сәті»

Бейнебаян



WALLPAPERS
www.6ef.com



WALLPAPERS
www.6ef.com







WALLPAPERS
www.6ef.com



WALLPAPERS
www.6ef.com



© V. Borelko

WALLPAPER
www.6ef.com



WALLPAPERS
www.6ef.com



www.60



WALLP
www.6ef.com

Сабақты бекіту

“Мәре”

Бағалау

Үйге тапсырма

1. Әңгімені оқып, толықтай мазмұндау.
2. Құстар жөнінде мақал – мәтел, тыйым сөздер жазып келу.
3. Құстар суретін салу.



Назарларыңызға рахмет!